**«6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Рушанова Неля Берікқызының «Әл-Фарабидің этикалық философиясындағы надандық мәселесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

# СЫН-ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Қазақстан Республикасындағы ғылымның дамуының «Елдің интеллектуалдық әлеуеті» атты басым бағыттарының ішінен - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттының - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді. |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа | «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.<br>Автордың диссертациялық жұмысы басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.<br>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Елдің интеллектиуалдық әлеуеті» атты басым бағытының 7. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағытына сәйкес келеді. |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Диссертация жұмыстың тақырыбы өзекті проблемаға арналған. Аталмыш ғылыми жұмыс қазіргі еліміздегі гуманитарлық салағы және қазақ руханиятының дамуына өзінің елеулі үлесін қосады. Өйткені, әл-Фараби сияқты ойшылдың еңбектері бірнеше ғасырлар бойы әлемдік ғылым мен философияның даму бағытын теориялық мағынада анықтап келді, бірнеше ғасырлар бойы Шығыста ғана емес Батыс елдерінде жоғары беделге ие болды. Қорғауға ұсынылған еңбекте біршама теориялық және практикалық нәтижелерге қол жеткізілген. Осыған орай рецензиялуға ұсынылған диссертациялық ғылыми жұмыстың маңыздылығына сараптамалық тұрғыда оң баға берілді. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>**<u>1) жоғары;</u>** | Диссертацияның мәтіні өзінше ерекше, дербес қолтаңбасымен айрықшаланады. Жұмыстың мазмұнын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | ашуға қолданған ғылыми-методологиялық әдістер мен ұстанымдары орнықты, дәйексөздерге сілтемелері орынды қолданылған. Автор ғылыми ізденіс мәтінінде безендірудің, құрылымдаудың жеткілікті деңгейдегі мәдениетін көрсетеді. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) **негізделген;**<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертацияның өзектілігі туралы орнықты пікірлер бар. Надандық мәселесі әл-Фараби ілімінде, оның этикалық философиясында орын алғандықтан жан-жақты зерттеуді қажет ететіні белгілі. Осы тұрғыдан автор Шығыс елдеріндегі әлеуметтік-философиялық және саяси ой тарихында, этикалық ілімімен ерекше орын алатын әл-Фарабидің философиялық жүйесінің негізінде адамның мәні, оның интеллектуалды және рухани кемелдігі, еркіндікке, жеке және әлеуметтік бақытқа ұмтылу, бақытты болашаққа ұмтылу сияқты қырларын жан-жақты байыптаған. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>**<u>1) айқындайды;</u>**<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | Диссертацияның тұтастай алғандағы мазмұны, оның құрылымы диссертация тақырыбын толығымен айқындайды. Диссертацияның жалпы мазмұны авторлық концептуалды көзқарасқа лайық келеді, мәселенің баяндалуы теориялық және практикалық маңыздылыққа ие болған. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: | Диссертацияның ғылыми тақырыбына жұмыстың құрылымындағы мақсат пен міндеттер жан-жақты ашылып берілген. Зерттеудің мақсаты – әл-Фарабидің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **1) сәйкес келеді;**<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | рухани мұрасын зерделеу арқылы надандық құбылысының маңызды аспектілеріне тарихи-философиялық талдаулар жасау арқылы мәтінде тоғыз міндеттерді тұжырымдау арқылы жүзеге асырылғаны байқалды. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>**1) толық байланысқан;**<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | Диссертацияның құрылымы қисынға сай және ондағы барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыдан толықтай байланысқан. Автор тақырыпқа байланысты ұғымдық және әдіснамалық мәселелерді жан-жақты қарастырып алады. Одан кейін автор, әл-Фарабидің философиялық шығармашылығындағы надандық туралы танымдық және құндылықтық сыни сипаттамалар ұстанымдарының маңыздылығын көрсетеді. Соңғы тарауда әл-Фарабидің этикалық философиясындағы басымдық танытатын идеялардың әділетті қоғамды қалыптастыру үшін маңызды қырларын айқындайды. Әрине, осы мәселені автор алдағы шығармашылығында кеңінен ашаа түседі деген үміттемін. Себебі, қазіргі кезеңдегі ең алдыңғы қатардағы проблема екені анық. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: | Диссертациялық жұмыста автор барынша ғылыми нәтижелер алуға талаптанып, талдаудың элементтерін танытады және жұмыста сыни тұрғыдан қарастырудың үлгілерін қалыптастыруға тырысатындығын байқауға болады. Әсіресе жұмыста түркі және қазақ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **1) сыни талдау бар;**<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | философиясындағы надандық ұғымының пайда болу салдары мен надандықпен күресудің айла-амалдары, надандықтың қоғамға тигізер зардабы мен зияны теориялық тұрғыдан жан-жақты байыпталған. Қазіргі отандық ғалымдардың надандық ұғымын зерттеудегі тың тәсілдері қолданылған және солардың еңбектеріндегі құнды мәліметтер диссертациядағы зерттеудің ғылыми негізі ретінде қарастыралды. Жұмыстың басынан аяғына дейін шешімдер мен ұсыныстар сыни талдаудан өткізілген екен. Бұл жұмыстың оң сипатын білдіреді. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>**1) толығымен жаңа;**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары «толығымен жаңа» дей аламыз. Автор біріншіден, надандық феноменінің ұғымдық мағынасын тарихи-философиялық және аксиологиялық тұрғыдан тұжырымдауға әрекеттенген. Екіншіден, надандықтың көптеген қырлары мен қасиеттері қарастырылып, оған қарсы тұратын даналықтың рухани жақтары айқындалған. Үшіншіден, кез келген әлеуметтік ортада қалыптасқан күрделі ахуалдың кейде надандықты өрбіту мүмкіндігі мен ықтималдылығы көрсетіліп, оның терең жатқан құбылыстық себептері айшықталды. Төртіншіден, сұхбат түріндегі Шығыс пен Батыстың қарым-қатынасының негізін құрайтын қағидаттар анықталып, надандық құбылысын байыптауларға арналған түсініктерге философиялық талдаулар жасалды. Бесіншіден, әл-Фараби сияқты ойшылдың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | дүниетанымында жүйеленген надандыққа қатысты сыни этикалық ұстанымдардың аксиологиялық сипаттамасы берілді. Алтыншыдан, надандықтың мағынасы мен мәніне онтологиялық және гносеологиялық пайымдаулар жасалып, олардың құбылыстық қасиеттері жан-жақты сараланған, дүниені игеру мен түсінудегі маңызы көрсетілген. Жетіншіден, Түркі және ислам өркениетінің өзара ықпалдасуы аясында қалыптасқан әл-Фарабидің этикалық ұстанымдар жүйесінің өзіндік мазмұндық сипаты мен маңызы айшықталды. Сегізіншіден, әл-Фарабидің этикалық сипаттағы философиялық жүйесінің кейінгі тарихи кезеңдердегі ойшылдар дүниетанымында көрініс беріп, рухани сабақтастықпен дамытылғаны айтылған. Тоғызыншыдан, әл-Фарабидің рухани мұрасында басымдық танытатын ізгілік қағидатының надандыққа қарсы тұратын механизм ретіндегі сипатын заманауи кезеңнің әлеуметіне сай өрбітудің тиімді жолдары анықталған. Автор алдағы ғылыми зерттеулерінде надандық ұғымын әлемдік интеллектуалдық ауқымында сараптайды және өзектендіреді деген ойдамын. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>**<u>1) толығымен жаңа;</u>** | Диссертацияның қорытындылары «толығымен жаңа» деп бағаланды. Диссертациялық жұмыста автор Антика заманындағы Платонның эманация жайындағы ілімі, Аристотельдің потенциалды және әрекетшіл туралы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | ілімі, әл-Фарабидің қайырымды қала туралы ілімі жан-жақты адам кемелділігінің қалыптасуы тұрғысынан талдады. Жалпы, көпғасырлық халық даналығындағы, исламдағы адамгершілік-этикалық идеяларға сараптаулар жасады. Түркі және қазақ философиясында эволюциялық жолмен сабақтасып отырған даналық үлгілерінің негіздері бағамдалып, Шығыс діліне сәйкес келетін дүниені поэтикалық рухани игерудің надандықпен күрестегі маңызды аспектілерін қарастыр,аны байқалды. Әрине, бұл бағыттағы еңбектер елімізде бар екені белгілі. Қазақстан философтары мен әдебиеттанушылары жоғарыдағы мәселеге қатысты зерттеулер жасап келеді. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>**<u>1) толығымен жаңа;</u>**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертацияның жұмыстың зерттеу тақырыбы мен оның ғылыми нысаны гуманитарлық ғылымдар саласына толықтай жатады және сонымен қатар зерттеу пәнаралық сипатқа да ие болады. Ғылыми жұмыстың негізгі мазмұны техникалық, технологиялық және экономикалық салаларға жатпайды, дегенмен автордың кейбір гуманистік мағынадағы идеялары мен мемлекеттік басқару шешімдеріне қатысты ұстанымдары еңбектің жалпы мазмұнына «толығымен жаңа» деген бағалауға негіз болады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6. | Негізгі қорытындыла рдың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Диссертацияның мазмұны тақырыпқа барынша сәйкес келеді. Жкмыстың ғылыми қорытындылары мен нәтижелері ауқымды дәлелдемелерге сүйеніп, дәйектелген. Әл-Фарабидей ойшылдың этикалық философиясындағы надандық мәселесі барынша талданып, ашылмаған және әлі зерттелмеген айырықша маңызды аспектілері зерттелді. Автор болашақты әлеуметтік-практикалық салада надандықты еңсеру мәселелерін өзінің ығармашылық практикасында зерттеу нысанына айналдырады деген үміттеміз. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>**<u>1) дәлелденді;</u>**<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>**<u>2) жоқ</u>**<br>7.3 Жаңа ма?<br>**<u>1) ия;</u>**<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар; | 7.1 Диссертациялық жұмыстағы негізгі қағидаттар дәлелденген және ғылыми тұрғыда дәйектелген. Автор зерттеу жұмысында философия саласымен қатар жалпы гуманитарлық ғылымдардың әдіснамасы мен әдістемесіндегі тәсілдерді пәнаралық байланыс деңгейінде жұмысында қолдана білген.<br>7.2 Жұмыс қағидаттары тривиалдыға жатпайды, яғни үстірт формада емес. Бұл пункт бойынша «жоқ» деген баға беріледі. Автор әрбір нәтижені теориялық тұрғыдан зерделеу өткізіп, ұсынғаны байқалады. Сонымен қатар ол өз еңбегінде әлеуметтік және мәдени практикаға шығудың жолын іздейді.<br>7.3 Негізгі қағидаттардың барлығына толықтай «жаңа» деген баға берілді. Диссертациялық жұмыстың жаңашыл қағидаттарының жалпы саны – тоғыз. Бірінші |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) орташа;<br>**<u>3) кең</u>**<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>**<u>1) иә;</u>**<br>2) жоқ | қағидат – әлемдік этикалық ой-толғамдар тарихы аясындағы надандық феноменінің ұғымдық мағынасы тарихи-философиялық тұрғыдан бағамдалды. Екінші қағидат – әл-Фараби философиясындағы әдеп мәселелері тұрғысынан надандықтың кейбір қырлары, оған қарсы тұратын даналықтың рухани қабілеттері айқындалды. Үшінші қағидат – әлеуметтік ортада қалыптасқан қайшылықты ахуалдың кейде надандықты күшейту мүмкіндігі мен ықтималдылығы, оның терең жатқан құбылыстық себептері айшықталды. Төртінші қағидат – Шығыс пен Батыстың қарым-қатынасының негізін құрайтын қағидаттар, надандық құбылысын байыптауларға арналған түсініктерге философиялық талдаулар жасалды. Бесінші қағидат – әл-Фараби дүниетанымында жүйеленген надандыққа қатысты сыни этикалық ұстанымдардың аксиологиялық сипаттамасы берілді. Алтыншы қағидат – надандықтың мағынасы мен мәніне онтологиялық және гносеологиялық зерделеулер жасалып, олардың құбылыстық қасиеттері жан-жақты сараланып, дүниені игеру мен түсінудегі маңызы көрсетілді. Жетінші қағидат – Түркі және ислам өркениетінің өзара ықпалдасуы аясында қалыптасқан әл-Фарабидің этикалық ұстанымдар жүйесінің терең мазмұндық сипаты мен маңызы айшықталды. Сегізінші қағидат |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | бойынша – әл-Фарабидің этикалық сипаттағы философиялық жүйесінің кейінгі тарихи кезеңдердегі ойшылдар дүниетанымында мойындалып, рухани сабақтастықпен дамытылғаны көрсетілді. Тоғызыншы қағидат – әл-Фараби рухани мұрасында басымдық танытатын ізгілік қағидатының надандыққа қарсы тұрар тетік ретіндегі сипатын заманауи кезеңнің әлеуметіне сай өрбітудің тиімді жолдары анықталды.<br>Жоғарыдағы жетістіктерге байланысты осы пунктке «Иә» деген баға берілді.<br>7.4 Қағидаттардың қазіргі ғылым мен білімнің дамуында,әлеуметік ортада қолдану бойынша «кең» деген баға берілді. Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелерді гуманитарлық пәндердің, яғни философия, тарих, құқық, әдебиет, тіл және мәдениет салаларында, мемлекеттік органдардың қызметі ауқымында толық пайдалануға болады. Сондықтан рецензент тарапынан бұл бап «кең» деп бағаланды. Болашақта тақырыпқа қатысты жоғары мектеп саласында арнайы әдістемелік материалдарды жинақтап беру автор үшін болашақтың ісі деген ойдамыз.<br>7.5 Диссертацияның негізгі қағидаттары еліміздің және кейбір шетелдік жарияланымдар деңгейінде жеткілікті дәлелденген, талапқа сай сынақтан өткен екен. Мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | жарық көрген екен. «Скопус» тізіміндегі журналдарда автордың мақаласы жарияланған. Бұл мағынада жарияланымдарға қатысты талаптарға сай жұмыстар талаптарға жауап береді. Сондықтан бұл бапқа «Иә» деген баға берілді. |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>**<u>1) иә;</u>**<br>2) жоқ | Жұмысты орындау барысындағы ғылыми әдістеме тұрғысынан автордың ғылыми кеңесшілері тарапынан жақсы кеңестер алғаны байқалып отыр. Философия тарихы мен әлеуметтік философияда қолданылған көптеген ғылыми тәсілдер тақырыпты зерделеу барысында кеңінен қолданылғаны да байқалады. Әсіресе, автордың тұтастық тұрғысынан қарастырғаны, тарихи нақтылық принципін, салыстырмалы талдау, жүйелі талдау және т.б. әдістерді қолданғандығы байқалды. Сондықтан әдіснамасына қатысты талапқа «Иә» деген баға берілді. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>**<u>1) иә;</u>** | Автор жұмыста заманауи ғылыми әдістер мен деректерді тарихи-философиялық зерттеулер барысында жақсы деңгейде қолданғаны байқалады. Ғылыми нәтижелерді негізінен жақсы дәйектейді. Кейбір авторлардың нақты дәйексөздерін сыни талдаулардан өткізеді. Сондықтан бұл сала бойынша бағалау «Иә» деген жауапқа толық сәйкес келеді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) жоқ | |
| | | 8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>**<u>1) ия;</u>**<br>2) жоқ | Диссертация жұмысында келтірілген ғылыми тұжырымдамалар, қазақ философиясындағы надандық ұғымының пайда болу салдары мен надандықпен күресудің айла-амалдары, надандықтың қоғамға тигізер зардабы мен зияны теориялық тұрғыдан жан-жақты сипатталады. Автор қазіргі отандық ғалымдардың надандық ұғымын зерттеудегі кейбір тәсілдерін қоданған. Сонымен қатар, автор еңбектеріндегі құнды мәліметтерді диссертациядағы зерттеудің ғылыми негізі ретінде қарастырған. Бұл талпыныстарға «Иә» деген баға берілді. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | Ғылми зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерге сілтемелер жасау тұрғысынан алғанда әлемде надандық тақырыбына жарияланған ғылыми әдебиеттер біршама бар. Автор тақырыпқа қатысты отандық және шетелдік авторлардың көптеген еңбектерін қамти алғандығы байқалады. Кейбір сілтемелерге автор тарапынан сыни түсіндірмелер де берілген екен. Диссертацияда келтірілген маңызды сілтемелер автордың еңбегіндегі ғылыми нәтижелерді дәйектеуге көмектесетінін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | байқауға болады. Дегенмен, кейбір қолданбаған ғылыми әдебиеттерге назар аударғаны жөн. Автор Қазақстан фарабитанушыларының назардан тыс қалған сілтемелерін өзінің ғылыми еңбегінде кеңейте түскені орынды. Мәселен, Фараби мұрасына қатысты А.Х. Қасымжанов еңбектерін кеңінен қолданған жөн. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Зерттеу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі тақырыпқа қатысты ғылыми әдеби шолуға негізінен жеткілікті. Автор руханилықтың жоғағы үлгісі болатын кемеңгерлік, даналық, парасаттылық деген ұғымдарды жинақтап, оларды надандық ұғымына қарама-қарсы қоя білген. Осыған қатысты біршама ғылыми әдебиеттерді жинақтай алған. Автор ғылыми жұмыста алға қойған мақсат, міндеттеріне толықтай жауап беретін еңбектерді қамти алған деген пікірдемін. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>**<u>1) иә;</u>**<br>2) жоқ | Диссертацияның теориялық маңызы жоғары екен. Себебі, надандық ұғымының астарына үңіліп, бойлаған сайын қоғамның руханиятының сапалық деңгейін бағамдай аламыз. Сондықтан теориялық маңызға қатысты пунктке «Иә» деген баға беріледі. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: | Диссертация мәтінінде келтірілген надандық құбылысына қатысты қорытындылардың практикалық маңызы зор деуге болады. Еліміздің жоғары оқу орындарында, мемлекеттік басқару органдарында қолдануға болады. Себебі, Қазақстан Республикасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **1) ия;**<br>2) жоқ | тәуелсіздік алған жылдардан бері қазақ халқының рухани қалыптасуына аса жоғары назар аударып, әділетті елді қалыптастыру жолына түскені белгілі. Сондықтан осы мағынада алғанда бұл пунктке «Иә» деген жауап берілді. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>**1) толығымен жаңа;**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертация мәтінде өрнектелген практикалық ұсыныстарды «толығымен жаңа» деуге болады. Өйткені автор теориялық негіздегі ойларды айта келіп, жастарды тәрбиелеу мақсатында практикалық іс-қимылдармен жақын болуы керек екенін астыртын көрсете білген. Мәселен, «Адал адам» идеясы ұрпақтың арасында жүзеге асыру үшін қолжетімді және түсінікті тілде жазылған мектептер мен колледждерге арналған «Әл-Фараби даналығы» оқулығын әзірлеу керектігін және 11-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» бойынша мектеп оқулықтарында әл-Фарабидің еңбектерін зерделеу үшін жеке параграф енгізу керек деген ұсыныстары орынды. Автордың ұсыныстары ел тәуелсіздігінің мәртебесін тұғырлай түсуге өзінің игі ықпалын тигізеді деген ойдамын. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>**1) жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Автордың диссертация мәтініндегі академиялық жазу сапасы «жоғары деңгейде». Себебі, автор негізінен теориялық және әдіснамалық тұрғыда ғылыми ортада кең тараған аксиологиялық, тарихи-философиялық, әлеуметтік философиялық талдаулар тәсілдерін, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | принциптерін жақсы қолданған. |

Ресми рецензент пікірінің қорытынды шешімі:

**1) «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Рушанова Неля Берікқызының «Әл-Фарабидің этикалық философиясындағы надандық мәселесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.**

**Ресми рецензент:**
**Философия ғылымдарының докторы, профессор,**
**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,**
**саясаттану және әлеуметтік-философиялық**
**пәндер кафедрасының профессоры**

**(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)** **Құсаинов Дәуренбек Өмірбекұлы**
**(Аты-жөні)** **(қолы)**

КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫ УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ

УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ